

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

Еркінова Арайлым Болатқызы

Мыс штейндерін конвертерлеу процесін жетілдіру

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B070900 – Metallургия мамандығы

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд.

М.Б.Барменшинова

« 04 » маусым 2021 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Мыс штейндерін конвертерлеу процесін жетілдіру»


Мамандығы 5B070900 – Metallургия

Орындаған

Еркінова А.Б.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. канд., сениор-лектор



Г.Ж. Молдабаева

« 04 » маусым 2021 ж.

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

5B070900 – Metallургия

БЕКІТЕМІН

МжПҚБ кафедра меңгерушісі, техн. ғыл. канд.,
М.Б.Барменшинова
« 01 » ақпан 2021 ж.

Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Еркінова Арайлым Болатқызы

Тақырыбы: «Мыс штейндерін конвертерлеу процесін жетілдіру»

Университет Ректорының 2021 жылғы «30» сәуір» № 572-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «18» мамыр 2021 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Мыс штейндерін конвертерлеу процесін жетілдіру

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Мыс штейн конвертерлеу технологиялық әдістері;

б) Аналитикалық шолу;

в) Жобада қабылданатын технологиялық шешімді таңдау және негіздеу;

г) Metallургиялық есептеулер.


Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):
конвертердің сызбасы, қосымша жабдықтың сызбасы, цех жоспары мен қимасы

Ұсынылатын негізгі әдебиет 9 атаудан тұрады


Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кіріспе	15.02.2021 ж.	
Әдеби шолу	29.03.2021 ж.	
Технологиялық бөлім	12.04.2021 ж.	
Металлургиялық есептеулер	19.04.2021 ж.	
Қорытынды	03.05.2021 ж.	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Г.Ж Молдабаева техн. ғыл. канд.	04.06.2021 ж.	
Норма бақылау	С.Қ. Джуманкулова PhD д-ры	04.06.2021 ж.	К. Джуманкулова

Ғылыми жетекші, техн. ғыл. канд.  Г.Ж Молдабаева

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  А.Б Еркінова

Күні

«01» ақпан 2021 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыс 46 парақтан, 9 әдебиеттен тұрады.

Негізгі сөздер: штейн, қара мыс, флюс кеңі, конвертер, фурма, фурмалық белдеу, материалды баланс, жылу балансы, желдету, конструктивтік есептеу, калькуляция, өзіндік құн.

Дипломдық жұмыстың негізгі мақсаты оттегімен байытылған (28%) ауамен үрлеу арқылы және конвертер шегеніндегі хромомагнетитті аса отқатөзімді периклазхромитті материалға ауыстыру арқылы мыс штейнін конвертерлеу үрдісінің техникo – экономикалық көрсеткіштерін арттыру болып табылады және ЖМЗ жағдайында жетілдірілген әдісті жобалауға арналған бастапқы мәліметтерді дайындау.

Зерттеу бағыты қазіргі жағдайдағы мыс штейнін конвертерлеу үрдісін жаңғырту жұмыстарынан алынған мәліметтер негізінде таңдалды.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа содержит 46 страниц, библиографию из 9 наименований.

Ключевые слова: штейн, черновая медь, флюсовая руда, конвертер, фурма, фурменный пояс, материальный баланс, тепловой баланс, вентиляция, конструктивный расчет, калькуляция, себестоимость.

Целью настоящей дипломной работы является повышение технико-экономических показателей способа конвертирования медных штейнов за счет подачи обогащенного (28 %) кислородно-воздушного дутья и замены хромомагнетитовых огнеупоров на периклазохромитовые в фурменном поясе, а также подготовка исходных данных для проектирования усовершенствованного способа в условиях ЖМЗ.

Направление исследований выбрано на основании данных по современному состоянию работ по усовершенствованию процесса конвертирования медного штейна.

ANNOTATION

The thesis contains 46 sheets, a bibliography of 9 titles.

Keywords: matte, rough copper, flux ore, converter, tuyere, tuyere belt, material balance, heat balance, ventilation, structural calculation, calculation, cost.

The purpose of this thesis is to improve the technical and economic indicators of the method for converting copper matte by supplying an enriched (28 %) oxygen-air blast and replacing chromomagnesite refractories with periclazochromite ones in the tuyere belt, as well as to prepare initial data for the design of an improved method in the conditions.

The direction of research was chosen on the basis of data on the current state of work on improving the process of converting copper matte.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Негізгі түсініктемелік жазба	10
1.1 Мыс штейнін конвертірлеу бойынша белгілі техникалық шешімдердің әдеби мағлұматы	10
1.2 Мыс штейнін конвертерлеу бойынша кәсіпорынның – Жезқазған мыс қорыту зауытының (ЖМЗ) жұмыс зерттемесі	11
1.2.1 Кәсіпорының қысқаша мінездемесі	11
1.2.2 Шикізат базасы, аталуы, өнімнің сапасы мен технологиялық деңгейі	12
1.2.3 Энергоресурстардың қажеттілігі	12
1.2.4 Мыс штейнін конвертерлеу үрдісінің технологиясы	12
1.3 Мыс штейнін конвертерлеу үрдісін және технологиялық тізбек пен оның көрсеткіштерін таңдап алу себептері	17
2 Технологиялық үрдістің есептеуі	19
2.1 Материалдық баланс есебі	19
2.1.1 Штейннің рационалдық құрамын есептеу	19
2.1.2 Кварцты флюстың рационалдық құрамын есептеу	20
2.1.3 Суық материалдардың рационалдық құрамын есептеу	21
2.1.4 Конвертерлі шлақтың рационалдық құрамын есептеу	22
2.1.5 Технологиялық үрдістің бірінші мерзімін есептеу	23
2.2 Газ құбырының жүйесін есептеу	28
2.2.3 Жабдықтың құрылымдық есебі	32
2.2.3.1 Негізгі жабдықты есептеу	32
2.2.3.2 Қосымша жабдықты таңдау және есептеу	33
2.2.3.3 Операция санын анықтау	35
2.2.4 Жылулық баланс есебі	35
2.2.4.1 Бірінші мерзімнің жылулық балансы	36
2.2.5 Байытылған оттегімен үрлеу кезінде конвертердің жұмыс көрсеткіштерін анықтау	38
2.2.5.1 Байытылған ауамен үрлеу кезінде бөлінетін жылу мөлшері	38
2.2.5.2 Конвертерде өңделетін қосымша суық материалдардың мөлшерін есептеу	39
2.2.5.3 Техникалық көрсеткіштер	42
2.3 Мыс штейндерін конвертерлеу процесін жетілдіру	42
Қорытынды	46
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	46

КІРІСПЕ

Мыс - негізгі шикізатты металл болып табылады. Мысты пайдалану ауданы өте кең. Мыс және оның сульфидтері алтын мен күмістің жақсы коллекторлары болып табылады. Сондықтан мыс өнімдерінен асыл бағалы металдарды жолшыбай алуға мүмкіндік туады.

Мысты шикізатты пиро және гидрметаллургиялық үрдістер арқылы өндіруге болады. Металлургия өнеркәсібінде көбінесе аралас техникалық тізбектер қолданылады. Қазіргі уақытта металлургияда пирометаллургиялық тізбекті қолданады. Бұл тізбек келесідей үрдістерден тұрады: штейнге балқыту, мыс штейнің конвертерлеу, оттық және электролиттік тазалау. Конвертерлік бөлім – бұл тізбекте ең интенсивті болып табылады. Конвертерлеу үрдістерінің мақсаты мыспен қатарлас компонентердің тотығып кетуі және қаралы мыс алу.

Дипломдық жұмыстың негізгі мақсаты оттегімен байытылған (28%) ауамен үрлеу арқылы және конвертер шегеніндегі хромомангнитті отқатөзімді материалдарды периклаздыхромитті отқатөзімді материалға ауыстыру арқылы мыс штейнін конвертерлеу үрдісінің технико – экономикалық көрсеткіштерін арттыру болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін берілген жұмыста БМЗ жағдайында мыс штейнін конвертерлеу үрдісінің теориялық негіздері мен тәжірибелері, негізгі техникалық шешімдер қарастырылған, технологиялық конструктивті және экономикалық есептеулер жүргізілген. Қоршаған ортаны және еңбекті қорғау бөлімдері көрсетілген.

1 Негізгі түсініктемелік жазба

1.1 Мыс штейнін конвертірлеу бойынша белгілі техникалық шешімдердің әдеби мағлұматы

Қазіргі кезге дейін кең тараған технология келесідей сатылардан тұрады: штейнге балқыту, мыс штейнін конвертерлеу, мысты оттық және электролиттік тазалау.

Мыс штейнін конвертерлеу мерзімді үрдіс. Ол конвертерді келесі операцияға дайындау арасындағы үзілістермен байланысты. Бұл конвертерлеу үрдісінің негізгі кемшілігі. Бұны жою үшін қазіргі кезде үздіксіз конвертерлеу үрдісі ойластырылуда [1].

Үздіксіз конвертерлеу үрдісі нәтижесінде шлактағы мыстың мөлшері 3-7 % өседі. Циркуляциялық әдіс көмегімен тәжірибе жүргізіліп, мыс – темірлі шлак – газды орта жүйесіндегі мыстың бөлінуі зерттеледі. Газды орта 1250°C – та бор тотығы, кальций сульфаты, күкірттің қос тотығына байланысты. Нәтижесінде кальций сульфаты мен бор тотығының құрамында темірі көп шлакқа өтуі шлакты ертіндінің тотығу дәрежесін төмендетеді, күрделі кремний оттекті комплекстердің кальций тотығы пайда болуынан іріленуі мен оңай балқитын төмен температуралы темір мен кальций бораттарының пайда болуымен байланысты. Бұл шлак ертіндісінің физико – химиялық құрамын жақсартып, шлакпен мыстың жоғалуын азайтады [2].

Сонымен қоса қазір үздіксіз конвертерлеу үрдісін пайдаланбай қаралы мыс алу үрдісінің теориялық және тәжірибелік жақтары қарастырылуда. Штейн ертінділерінің тотығуымен металл оксидтері және шлак ертінділерінің тотықсыздану үрдістерінің кинетикасы зерттелді.

Қазір қаралы мыстың шлаксыз өндірісі ұсынылуда. Оның негізгі бөлек қондырғыда бір концентратты өңдеу арқылы мысы көп өнім алу, сосын барлық еріген концентрат массасын конвертерлеу. Одан шыққан өнім қаралы мыс пен конвертерлі шлак. Бос шыныстарды үрдістен шлак арқылы шығарып, мысты байыту немесе металлургиялық әдіс арқылы өңдейді. Бұл әдістің басты артықшылығы пайдаланылып отырған қондырғыда технологиялық үрдістің рационалдық өзгеруі. Экономикалық тиімділік пешке кететін жылу мен электр энергияларының шығының азайтумен, әктас пен кварцты пайдаланбау, материалдар шығының азайту, қаралы мыс алу үрдісін жылдамдатумен анықталады [3].

Шлактың темір силикатты ертіндісін түзу үшін конвертерге бірінші периодта кварц беріледі. Басқа бір әдіс бойынша штейнді, кремний мен флюсті сұйық шлак түрінде беріп, штейнді оттегі бар газбен үрлеу ұсынылды. Флюс ретінде берілетін сұйық шлак мөлшері өнделетін штейн мөлшерінен 5-15 мас. %, сосын кварцты кең 10-15 мас % [4].

Полиметаллдық штейндерді өңдеудің тиімді технологиясы ұсынылады. Бұл әдіс бойынша мыс мөлшері 98-99 % жоғары МЧ -1,2 маркалы қаралы мыс алынады. Технология негізі келесіден тұрады:

- I мерзімде түзілген конвертерлі шлак қабатына сульфидті мысы бар

концентрат беріледі, штейндік ертіндіге қатынасы (0,2-0,5):1

- II мерзімде шлак түзілгенше селективті мыс концентраты беріледі, қатынасы (0,15-0,3):1.

Бұл технология концентраттан қосымша мыс пен қорғасынды алып, шлак құрамында мысты азайтып, қаралы мысқа өтуін 93,5 %- дан 98-99% - ға көбейтеді, қорғасынның конвертерлі шлакқа өтуі 1,5-2 есе, магниттің шлактан тотықсыздануы нәтижесінде газда күкіртті ангидрит мөлшері 1,5 есе өседі. Шикізатты пайдаланудың кешенділігі өседі, экологиялық жағдай жақсарады. Қаралы мыс сапасы МЧ -6,5 -тен МЧ -1,2 маркасына дейін өзгереді [5].

Үрдістің барлық технологиялық мүмкіншіліктерін жүзеге асыру кезінде үрдісті конструктивті безендіру бір талай қиыншылық тұдырады. Магнетиті аз кедей шлактар алу үшін жоғары температурада жұмыс істеу керек. Ал ол кезде футеровка істен шығады. Қазіргі жағдайдың өзінде конвертер мерзімі 1,5-3 ай. Уақыты өткен соң конвертердің отқа төзімді футеровкасының шыдамдылығын анықтау жұмыстары жүргізіледі [6].

1.2 Мыс штейнін конвертерлеу бойынша кәсіпорынның – Жезқазған мыс қорыту зауытының (ЖМЗ) жұмыс зерттемесі

1.2.1 Кәсіпорынның қысқаша мінездемесі

Жобаланып отырған мыс штейнін конвертерлеу цехын Қарағанды облысының Жезқазған қаласындағы «Қазақмыс» корпорациясының өндірістік алаң аумағында құру көзделіп отыр. Корпорация құрамына Балқаш тау - кең металлургиялық комбинаты, Жезқазған кең байыту комбинаты, үш жылу-электрорталығы, Қарағанды маңындағы екі көмір кеңшары жатады.

Мысты алқаптың өндірістік кәсіпорындары – бұл құрамында елу төрт мың адам еңбек ететін кең алу сатысынан бастап катодты мыс шығаруды толығымен қамтитын кешен. Негізгі кәсіпорындары : алты рудник, үш кең байыту фабрикасы, мыс қорыту зауыты, ғылыми - зерттеу түстіметаллургия институты, құю-механикалық зауыты, тау-кең шахталық жабдықтар зауыты, өндірістік теміржол көлігі кәсіпорны мен жөндеу жұмыстары мен көлікпен қамтамасыз ету, тағы басқа қосымша қызмет көрсететін кәсіпорындар.

Жезқазған тау – кең металлургиялық комбинатындағы ең негізгі болып Жезқазған мыс қорыту зауыты табылады. Ол негізгі төрт цехтан тұрады: шихта дайындау цехы, балқыту цехы (электропеш, конвертерлеу, анодты тазалау), электролиттік және күкіртқышқылын өндіру цехы. Қосымша қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын жүргізетін цехтар тағы бар.

1.2.2 Шикізат базасы, аталуы, өнімнің сапасы мен технологиялық деңгейі

Жезқазған мыс қорыту зауытының негізгі шикізат көзі ретінде Жезқазған кең орыны табылады. Бұл кең орнында кең жердің беткі қабатында орналасады. Сондықтан кеңді ашық әдіспен алады да, бұдан кеңнің бағасы төмендейді.

Кварцты флюс ретінде Жезқазған жерінен алынған мысты кең мен сырттан әкелінетін кварцты кең қолданылады. Әктаста жергілікті кең орнынан алынады.

Жезқазған мыс қорыту зауыты келесідей тауарлық өнімдер шығарады:

- катодты мыс, екі маркалы - МООК, МОК
- қорғасынды шаң , үш маркалы: ПФГ-1, ПФГ-3, ПФГ-4
- күкіртқышқылы, екі сорты шығады: техникалық бірінші сорт (80 %) және техникалық екінші сорт (10 %)
- мыс электролитті шлам, мысты электролиттік тазалаудың өнімі аффинажды зауытқа жіберіледі.

Жезқазғанда шығарылатын мыс халықаралық стандартқа сай келеді және шетелдер мен ТМД арасында үлкен сұранысқа ие. Өнімнің жоғары сапасы оны өндірудің жоғары технологиялық деңгейімен жүзеге асады. Кәсіпорында жыл сайын тиімді, жоғары технологиялық жабдықты еңгізуге және жалпы технологиялық үрдістің жеке бөлімдердің экономикалық көрсеткіштерін көтеру үшін үлкен жұмыстар жүргізіледі.

1.2.3 Энергоресурстардың қажеттілігі

Кәсіпорының негізгі құраушылардың бірі энергетикалық шаруашылық. Ол электр, жылу және механикалық энергиямен қамтамасыз етеді.

«Қарағанды энерго» жүйесі Жезқазған қаласымен қоса бүкіл облыс аймағын және жобаланып отырған бөлімді да электр қуатымен қамтиды.

Кенгір су қоймасы қаланың негізгі су резерві бола отырып, зауытты сумен қамтиды. Балқыту цехі бойынша айналмалы суды пайдалану деңгейі 80-100 %.

Зауытқа қажетті таза ауыз су магистральды жүйе арқылы беріледі.

1.2.4 Мыс штейнін конвертерлеу үрдісінің технологиясы

Жезқазғанда мыс қорыту зауыты мысты стандартты пирометаллургиялық тізбек бойынша алады. Ол тізбек келесі сатылардан тұрады: мыс концентратын штейнге балқыту, қара мыс алу үшін штейнді конвертерлеу, анодтық пештерде қаралы мысты отпен тазалау арқылы анодтар алу, электролиттік тазалау арқылы тауарлық катодтық мыс алу. Конвертерлеу сатысы бұл тізбекте маңызды орын алады. Мыс штейндерін конвертерлеу үрдісі 1830 жылы инженер Ауэрбах бүйірінде формасы бар

конвертер құрастырып, одан алғаш қаралы мыс алған .

Конвертерлік бөлім тауарлық мыс алу технологиялық тізбегінде аралық саты бола отырып, алдыңғы және кейінгі сатылармен өзара жалпы көліктік және технологиялық ағымдармен байланысты.

ЖМКЗ-ғы тауарлық мыс алудың технологиялық схемасы 1 суретте көрсетілген.

Кәсіпорынның технологиялық тізбегінде конвертерлеу үрдісі 80 тонналық конвертерде мерзімді режимде жүреді. Үрдіс барысында газдар, қаралы мыс пен шлак алынады. Конвертер шлактарын балқыту пештеріне қайта өңдеуге жібереді. Шлак өте үлкен көлемде алынады және мысқа бай болып келеді.

Конвертерлеу үрдісінің параметрлері 1 кестеде берілген.

Кесте 1 – Конвертерлеу үрдісінің параметрлері

Көрсеткіштері	Мөлшері
1	2
Штейн көлемі, т:	
- – жүктеуге толығымен жүктеу	
Ыстық штейн мөлшерінен суық материалдар көлемі, %	40-60
Штейнді жүктеу мен ақ мат алу, мин	100-150
Мысты пісіру, мин	20 дейін
Мысты құйып алу, фурма тазалау, ауыздықты тазалау, мин	150-240
Ауа шағыны, мың км ³ /сағ	120-150
- жүктеуге	60-150
- мыс пісіруге	
Шаң ұстағыш камерадағы қысым, Па	35-40
Циклон газарналарындағы қысым, Па	<35
Құрамы, %	9,8-29,4
- штейндегі мыс	
- конвертерлі флюстегі кремний қостотығы	588-882
- конвертерлі шлактағы мыс	
- конвертерлі шлактағы кремний қостотығы	41-54
- тауарлық өнімдегі күкіртті ангидрит	62-72
Масса температурасы, °С	< 5
- I мерзім	22-26
- II мерзім	>3,5
- ҚЭФ алдындағы газдар	1200-1250
- шаңсорғыштан кейінгі газдар	1250-1290
кессондардан шыққандағы су	>300
	<450
	<40

Мыс штейнің конвертерлеу үрдісі көлденең орналасқан 80 тонналық конвертерлерде жүргізіледі. Конвертер кожухы қалыңдығы 30 мм болаттан жасалған. Конвертер кожухында екі қондырғы орналасқан. Олар арқылы конвертер фундаментте орналасқан төрт қос роликке бекиді. Конвертердің цилиндрлік бөлігі беткі жағынан жалпақ табанмен жабылған. Конвертердің ішкі жағы хромомагнетитті кірпішпен қаланған. Қалауды келесідей элементтерге бөледі: пеш табан, фурмалық белдік, фурма үсті аймағы, төбесі, бет жағы, аркалар. Пеш табаны кірпіштен құрғақ қылып екі қабаттап хромомагнетитті ұнтақта салынады. Жалпы қалыңдығы 460 мм. Кожух пен қалау арасындағы 40 мм аралық асбазуритпен толтырылады.

Фурмалық белдік қалыңдығы 690 мм үлкен көлемдік кірпіш пен хромомагнетитті ұнтақ пен сұйық шыны ертіндісі негізінде жасалады. Фурма үсті аймағы – фурмалық аймақтан екі қабаттың қалыңдығына жасалады. Төбесі екі қабаттан қаланады. Төбені қалау құрғақ күйінде жасалады.

Бетін қалау бүкіл биіктікке екі қабат кірпішпен жасалады. Үстіңгі жағынан, конвертер бөшкесінің ортасында ауыздық орналасқан. Ол арқылы конвертерге штейн құйылады, флюс және суық материалдар тиеледі, шлак және қаралы мыс құйылып алынады, технологиялық газдар кетеді.


Конвертерде ауа беру тесігіне қарма - қарсы жақта мазуттық форсунка орналастыруға арналған орын бар.

Конвертерге ауа үрлеу үшін, оның артқы төменгі жағында 48 фурмасы бар фурмаколлектор орналасқан. Фурмаколлектордан шыққан фурмалық түтіктер ішкі диаметрі 41-49 мм фурмалық белдік арқылы конвертерге өтеді.

Конвертерді бұру алтысатылық аспап пен редуктор арқылы айнымалы тоқ электр қозғалтқышымен жүзеге асады. Электроқозғалтқыш жүйедегі кедергінің түсіп кетуі және ауаның берілуі тоқтаған кезде конвертерді электр қозғалтқыштан апаттық бұру жүргізіледі.

Әр бір конвертердің үстінде оң және сол жағында 60 тонналық бір бір бункерден тұрады. Олар флюстік кеңге арналған. Флюстік кең цехқа ағымды – көліктік жүйе арқылы шихта дайындау цехынан келеді және бункерлерге қозғалмалы реверсивті таспалы конвейер арқылы тиеледі. Конвертер ауыздығының үстінде флюстік бункерлер арасында сумен салқындатылатын болаттан жасалған қорап (напыльник) орнатылған. Оның қызметі конвертерден газдарды шығару. Осы қораптың алдыңғы жағы жапқышпен жабдықталған. Ол терезелік беттік бөлігі бойымен қозғала отырып, тозаңдандырғыш пен конвертер бөшкесі арасындағы саңылауды тығыздайды. Тозаңдандырғыш үстінде газдарды сору жүйесі орналасқан.

Ауаны соруды азайту үшін конвертерлер пневматика арқылы көтеріліп, түсірілетін бұрылмалы құралмен және конвертердің бүйіріндегі перделермен жабдықталған. Сонымен конвертердің газды сорып алу жүйесі келесідей элементтерден тұрады: конвертерлер пердесі, бұрылмалы құрал, әрбір конвертерде орналасқан түтін сору жүйесі. Бұл жүйе арқылы газдарды сорып алып, вентиляциялық газарнаға береді.



1 Сурет – Жезқазған мыс қорыту зауытының технологиялық тізбегі

Шаңұстағыш артында үш секциялы шаңұстағыш камера орналасқан. Ол шамотты кірпішпен қаланған және онда қатты шаң жиналады. Шаңұстағыш

камерадан газдар тоттанбайтын болаттан жасалған циклон арқылы төмендейтін газарна бойымен екі түтінсорғышпен сорылып, тегеурінді газарна арқылы құрғақ электрофильтр алдындағы коллекторға түседі. Онда шаңнан тазаланып күкірт қышкыл өндірісіне жіберіледі.

Конвертерлеу үрдісі келесідей операциялардан тұрады:

I мерзім – конвертерлерді жүктеу, штейнді қабылдау және ақ матты алу

II мерзім – мыс пісіру және құю.

Сонымен қоса, технологиялық үрдістерге конвертерлерді орау, ауыздықты тазалау, фурмаларды тазалау, металлдық шөміштерді дайындау.

Конвертерді жүктеу келесідей кезекпен жүзеге асырылады: шоғырмақты алады, ауыздықты тазалап қояды, фурмалардың бәрін басы үлкен диаметрлі тескішпен тазалайды. Конвертерге 60 т штейн құяды (3 шөміш). Жүктеп болған соң конвертерді үрлеуге қояды және температураның жұмыстық жағдайға дейін жеткізеді.

Температураны жоғарлату үрдісін тез өткізу керек (5-10 мин), сондықтан конвертерге берілетін ауа шығыны 35 000 нм³/сағ көп бөлу керек.

Конвертерге телескоптық ағым арқылы 2-2,5 т кварцты флюс беріледі. Жүктелген штейнді үрлеу арқылы мыс бай масса мен шлакқа бөлінеді.

Конвертерді үрлеуден шығарып 1-2 минуттан соң шлакты шөмішке құйып алады да, оны балқыту пешіне құяды.

Штейнді пісіргеннен кейін шлак құйылып алынып, тұра солай келесі порция штейн құйылады. Сөйтіп конвертерге 8-10 шөміш штейн құйылып, шлак толығымен алынады.

Ақ матты алу келесідей жүргізіледі: конвертердегі барлық масса үрленіп, ақ матқа дейін байытылады. Ақ маттан бөлінген шлактың құрамы мысқа бай. Оны дайын тұрған бір конвертке құяды.

Жүктеу жүргізудің жалпы ережелері бойынша ауа шығыны > 35 000 нм³/сағ және температура 1200 °С аз емес. Сондықтан флюс пен суық материалдардың бір рет жүктелуі 3-5 тонналық порциялармен жүргізіледі.

Флюстерді жүктеу бір қалыпты өту керек. Флюсті жүктеу тоқтап қалса үрдіс толығымен бұзылып, магнетитті шлак түзіледі. Бір рет дұрыстап жүктелгенде конвертерде (сұйық штейннен басқа) 15-25т флюс, -2 шөміш суық материалдар болу керек.

Мыс пісіру ақ матты үрлеп, құрамындағы күкірт толығымен тотығып біткенше және қаралы мыс алынғанша жүргізіледі. Қаралы мыс құрамында мышьяк пен сурьманың зиянды қосылыстарын азайту үшін үрдіс аяқталуға 30-40 мин қалғанда конвертерге 0,5 т күйдірілген әктас қосады.

Мыстың дайын болғанын фурмовкадағы қабық түрінен анықтайды. Мысты шөміштерге құйып, оттық тазалауға жіберіледі. Мысты құймай тұрып конвертерді үрлеуден шығарып, оны келесі балқытуға дайындайды.

Фурмаларды тазалау мерзімдік түрде жүргізіледі. Фурмалардың бітелуі нәтижесінде, конвертерге ауа беру шығыны 30 000 нм³/сағ дейін түседі. Фурмаларды тазалау пневмомеханикалық фурмалау машинасымен жүргізеді.

Конвертерге ауа үрлеу келесідей кезекпен өтеді. Конвертер үрлеуге

қойылғаны жайлы кезекті газовщик пен ауа үрлеу станцияның машинисті хабарландырылады. Конвертерщик бұйрығы бойынша ауалық клапан ашылып, конвертерге ауа беріледі. Конвертерді бұрған (енкейткен) кезде, фурмалар балқытылған массаға батып, үрлеу басталады. Ауалық клапан толығымен ашылып, рычаг осындай қалыпта бекітіледі. Үрлеудің аяқталғанын бөлінген газдың алауының түсінен және фурмовкадағы шлақтың пайда болуымен анықтайды.

Конвертерді үрлеуден шығару келесідей кезекпен жүргізіледі. Конвертердің бұрылуы туралы кезекші газовщик және ауа үрлеу станциялық машинисті хабарлайды. Фурмалар балқытылған массадан толығымен шыққанша конвертерлер бұрылады. Клапанды бұрып конвертерге ауа беру тоқтатылады.

Конвертерді жөндеуге қоймас бұрын міндетті түрде ыстық штейнмен шайады. Конвертерге 2-3 шөміш штейн құйып үрлейді. Үрдіс конвертердегі «шуба» ерігенше жүргізілед, сосын балқыманы басқа конвертерге құяды.

Конвертер футеровкасын сұйық масса жеп қоймау үшін, орау – магнитетті гарнисажды өсіреді. Орау жасау үшін конвертерге екі шөміш ыстық штейн мен бір шөміш суық конвертерлі шлак құяды да, үрлеуге қойып қыздырыды. Конвертерді бір жаққа, келесі жаққа төнкереді. Осы кезде штейн құрамындағы темір магнетитке дейін тотығып, конвертердің қабырғаларына жағылады. Орау біткен соң массаны толығымен құйып алады. Фурмаларды тесіп, конвертерді жұмысқа дайындайды.

1.3 Мыс штейнін конвертерлеу үрдісін және технологиялық тізбек пен оның көрсеткіштерін таңдап алу себептері

Бұл дипломдық жобада мыс штейнін 28 % дейін оттегімен байытылған ауамен үрлеу және конвертірдің фурмалық белдемесіндегі шегеніндегі хромомангнетитті отқатөзімді кірпіштерді периклазохромиті отқатөзімді кірпіштерге ауыстырылған конвертірдің технологиялық сұлбасы таңдап алынған. Шегенді ауыстыру нәтижесінде қысым кезіндегі беріктілік шегі 74,9-101,4 Н/мм², ашық кеуектілігі 13,0-14,4 % болады. Сонымен қатар периклазохромиті отқатөзімді материалдың қолданылатын материалға қарағанда жеңілбалқитын силикатты қосылыстар туғызатын кальций және кремний оксидтері 3-4% құрайды. Олқолданылатын материалдарға қарағанда екі есе кем.

Мыс штейнін конвертерлеу сұлбасының шешімі және таңдап алынылуы келесідей жағдайларға байланысты алынған. Өңделетін штейндер өте жоғары экзотермиялық материалдар болып келеді, оттегімен байытылған ауамен үрлеу арқылы жылудың сыртқы ортаға жоғалуын азайтып суық материалдарды көбірек өндеуге мүмкіндік береді. Үрлеуді оттегімен байыту конвертердің өнімділігін артады.

Магнитті отқатөзімділерді периклазохромиті отқатөзімділермен ауыстыру арқылы отқатөзімді материалдардың тозуын төмендету қарастырылған.

2 Технологиялық үрдістің есептеуі

2.1 Материалдық баланс есебі

2.1.1 Штейннің рационалдық құрамын есептеу

Жобаланатын мыс штейндерін балқыту үрдісіне химиялық құрамы төмендегідей балқытылған штейн түседі, %: Cu – 48,12; Pb – 4,01; Zn – 1,58; Fe – 19,29; S – 24,03; Ag – 580 г/т; Au – 9 г/т; Re – 27 г/т.

Штейннің құрамындағы түсті металдар сульфид түрінде болады. Есептеуде 100 кг штейнде олардың мөлшерін табамыз. Мыс толығымен Cu_2S түрінде

болады, Cu_2S мөлшері: $48,12 \cdot \frac{159}{127} = 60,24$ кг, оның құрамындағы күкірт

мөлшері: $60,24 - 48,12 = 12,12$ кг. PbS мөлшері: $4,01 \cdot \frac{239,2}{207,2} = 4,63$ кг, күкірт:

$4,63 - 4,01 = 0,62$ кг. ZnS мөлшері: $1,58 \cdot \frac{97,4}{65,4} = 2,35$ кг, күкірт: $2,35 - 1,58 = 0,77$

кг. Қалған күкірт FeS байланысты: $24,03 - 12,12 - 0,62 - 0,77 = 10,52$ кг. FeS

мөлшері: $10,52 \cdot \frac{87,8}{32} = 28,86$ кг, оның құрамындағы темір мөлшері: $28,86 - 10,52$

$= 18,33$ кг. Қалған темір Fe_3O_4 түрінде болады: $19,29 - 18,33 = 0,96$ кг. Fe_3O_4

мөлшері: $0,96 \cdot \frac{231,4}{167,4} = 1,33$ кг, оның құрамындағы көміртек мөлшері: $1,33 - 0,96$

$= 0,37$ кг.

Есептеулер нәтижелерін штейннің рационалдық құрамын 2.1 - кестесіне енгіземіз.

Кесте 2.1 – Штейннің рационалдық құрамы, кг

Қосылыс	Cu	Pb	Zn	Fe	S	O ₂	SiO ₂	CaO	Mg	Al ₂	Ag	Au	Re	Ба	Барлығы
Cu_2S	48,1				12,1										60,24
PbS		4,0			0,62										4,63
ZnS			1,5		0,77										2,35
FeS				18,3	10,5										28,86
Fe_3O_4				0,96		0,37									1,33
SiO_2							1,21								1,21
CaO								0,32							0,32
MgO									0,16						0,16
Al_2O_3										0,37					0,37
Ag											0,05				0,058
A												0,000			0,0009
Re													0,002		0,0027
басқа														0,5	0,5
Барлығы	48,1 2	4,0 1	1,5 8	19,2 9	24,0 3	0,37	1,21	0,32	0,16	0,37	0,05 8	0,000 9	0,002 7	0,5	100

2.1.2 Кварцты флюстың рационалдық құрамын есептеу

Кварцты флюс ретінде химиялық құрамы мынадай мысты флюс кенін қолданамыз, %: Cu – 0,33; Pb – 0,15; Zn – 0,09; Fe – 5,58; S – 0,91; SiO₂ – 71,68; Al₂O₃ – 6,08; CaO – 1,77; MgO – 1,25; Ag – 190 г/т.

CuFeS₂ мөлшері: $0,33 \cdot \frac{183,3}{63,5} = 0,95$ кг, оның құрамындағы күкірт:

$0,95 \cdot \frac{64}{183,3} = 0,33$ кг, темір: $0,95 - 0,33 = 0,29$ кг. Қалған күкірт FeS₂ байланысты:

$0,91 - 0,33 = 0,58$ кг. FeS₂ мөлшері: $0,58 \cdot \frac{119,8}{64} = 1,09$ кг, оның құрамындағы темір: $1,09 - 0,58 = 0,51$ кг.

Қорғасын мен мырыш 2PbO·Fe₂O₃ және ZnO·Fe₂O₃ түрінде болады.

2PbO·Fe₂O₃ мөлшері: $0,15 \cdot \frac{606}{414,4} = 0,22$ кг, оның құрамындағы O₂ мөлшері:

$0,22 \cdot \frac{48}{606} = 0,02$ кг және темір мөлшері: $0,22 \cdot \frac{112}{606} = 0,04$ кг.

ZnO·Fe₂O₃ мөлшері: $0,09 \cdot \frac{241}{65,4} = 0,33$ кг, оның ішінде O₂: $0,33 \cdot \frac{64}{241} = 0,09$ кг және

Fe мөлшері: $0,33 \cdot \frac{112}{241} = 0,15$ кг.

Қалған темір лимонитпен Fe₂O₃·3H₂O байланысты: $5,58 - 0,29 - 0,51 - 0,04 - 0,15 = 4,59$ кг. Лимонит мөлшері: $4,59 \cdot \frac{213,6}{111,6} = 8,79$ кг, оның құрамында

H₂O мөлшері: $8,79 \cdot \frac{54}{213,6} = 2,22$ кг және O₂ мөлшері $8,79 - 4,59 - 2,22 = 1,98$ тең.

Глинозем каолинитпен Al₂O₃·2SiO₂·2H₂O байланысты деп аламыз, онда каолиниттің құрамындағы кремнезем $6,08 \cdot \frac{120}{102} = 7,15$ кг тең, каолиниттегі

кристалдық ылғалдылық $6,08 \cdot \frac{36}{102} = 2,15$ кг.

Каолинит мөлшері: $6,08 + 7,15 + 2,15 = 15,58$ кг. Каолиниттен қалған кремнезем кварц түрінде мынадай мөлшерде болады: $71,68 - 7,15 = 64,53$ кг.

CaO және MgO карбонаттар түрінде кездеседі. CaCO₃ мөлшері: $1,77 \cdot \frac{100}{56} = 3,16$

кг, оның құрамындағы CO₂ мөлшері: $3,16 \cdot \frac{44}{100} = 1,39$ кг.

MgCO₃ мөлшері: $1,25 \cdot \frac{84}{40} = 2,63$ кг, байланысқан CO₂ мөлшері: $2,63 \cdot \frac{44}{84} = 1,38$ кг.

Флюс кенінің рационалдық құрамының есептеулер нәтижелерін 2.2 – кестеге енгіземіз.

Кесте 2.2 – Флюс кенінің рационалдық құрамы, кг

Қосылыстар	Cu	Pb	Zn	Fe	S	O ₂	SiO ₂	Ca	Mg	Al ₂	CO ₂	H ₂ O	Ag	Басқ	Бар
CuFeS ₂	0,33			0,29	0,33										0,96
2PbO·Fe ₂ O ₃		0,15		0,04		0,02									0,21
ZnO·Fe ₂ O ₃			0,09	0,15		0,09									0,33
FeS ₂				0,51	0,58										1,09
Fe ₂ O ₃ ·3H ₂ O				4,59		1,98						2,22			8,79
Al ₂ O ₃ ·2SiO ₂							7,15			6,08		2,15			15,3
SiO ₂							64,5								64,5
CaCO ₃								1,77			1,39				3,16
MgCO ₃									1,25		1,38				2,63
Ag													0,01		0,01
Басқа														3,0	3,0
Барлығы	0,33	0,15	0,09	5,58	0,91	2,0	71,6	1,77	1,25	6,08	2,77	4,37	0,01	3,0	100

2.1.3 Суық материалдардың рационалдық құрамын есептеу

Суық материалдардың химиялық құрамы аз мерзімде ауысып тұруына байланысты нақты болмайды. Сондықтан есептеуде суық материалдардың келтірілген химиялық құрамын аламыз, %: Cu – 36,0; Fe – 29,5; S – 12,4; SiO₂ – 8,8; Al₂O₃ – 6,0; CaO – 1,0; Ag – 430 г/т.

Күкірт жартылай Cu₂S және FeS байланысты деп аламыз. Масса Cu₂S:

$$6,2 \cdot \frac{159}{32} = 30,8 \text{ кг, оның құрамындағы Cu мөлшері: } 30,8 \cdot \frac{127}{159} = 24,6 \text{ кг. Қалған}$$

мыс металдық түрде болады: $36,0 - 24,6 = 11,4 \text{ кг.}$

$$\text{FeS мөлшері: } 6,2 \cdot \frac{87,8}{32} = 17,01 \text{ кг, темір } 17,01 \cdot \frac{55,8}{87,8} = 10,81 \text{ кг тең.}$$

Кремнезем толығымен фаялитпен 2FeO·SiO₂ байланысты деп аламыз.

$$\text{Фаялиттің құрамындағы темір: } 8,8 \cdot \frac{111,6}{60} = 16,37 \text{ кг, темірмен байланысты оттегі}$$

$$\text{мөлшері: } 16,37 \cdot \frac{32}{111,6} = 4,69 \text{ кг. } 2\text{FeO} \cdot \text{SiO}_2 \text{ мөлшері: } 8,8 + 16,37 + 4,69 = 29,86 \text{ кг.}$$

Қалған темір Fe₃O₄ түрінде кездеседі: $29,5 - 10,81 - 16,37 = 2,32 \text{ кг, оның}$

$$\text{мөлшері: } 2,32 \cdot \frac{231,4}{167,4} = 3,21 \text{ кг, оның құрамындағы O}_2 \text{ мөлшері: } 3,21 \cdot \frac{64}{231,4} = 0,89$$

кг.

Суық материалдардың рационалдық құрамын 2.3 – кестеге енгіземіз.

Кесте 2.3 – Суық материалдардың химиялық құрамы, кг

Қосылыс	Cu	Fe	S	O ₂	SiO ₂	Al ₂ O ₃	CaO	Ag	Басқа	Барлығы
Cu	11,4									11,4
Cu ₂ S	24,6		6,2							30,8
FeS		10,81	6,2							17,01
2FeO·SiO ₂		16,37		4,69	8,8					29,86
Fe ₃ O ₄		2,32		0,89						3,21
Al ₂ O ₃						6,0				6,0
CaO							1,0			1,0
Ag								0,043		0,043
Басқалар									0,68	0,68
Барлығы	36,0	29,5	12,4	5,58	8,8	6,0	1,0	0,043	0,68	100

Конвертерлеу үрдісінің бірінші мерзімінде түзілетін артық жылуды сіңіруге қажет суық материалдардың мөлшері тәжірибе мәліметтері бойынша ыстық штейн мөлшерінің 20 % құрайды.

2.1.4 Конвертерлі шлақтың рационалдық құрамын есептеу

Жобаланатын Жезқазған мыс қорыту зауытының тәжірибе мәліметтері бойынша конвертерлі шлақтың мынадай химиялық құрамын қабылдаймыз, %: Cu – 3,64; Pb – 2,98; Zn – 1,8; Fe – 43,05; S – 2,83; SiO₂ – 25,81; Al₂O₃ – 4,45; CaO – 1,64; MgO – 0,52; Fe₃O₄ – 5,24.

Мыс толығымен Cu₂S түрінде болады, оның мөлшері: $3,64 \cdot \frac{159}{127} = 4,26$ кг, оның құрамындағы күкірт: $4,26 \cdot \frac{32}{159} = 0,86$ кг. Қалған күкірт FeS байланысты: $2,83 - 0,86 = 1,97$ кг. FeS мөлшері: $1,97 \cdot \frac{87,8}{32} = 5,4$ кг, оның құрамындағы темір: $5,4 \cdot \frac{55,8}{87,8} = 3,43$ кг.

Магнетиттегі Fe₃O₄ темір мөлшері: $5,24 \cdot \frac{167,4}{231,4} = 3,79$ кг, оттегі мөлшері: $3,79 \cdot \frac{64}{167,4} = 1,45$ кг. Қалған темір 2FeO·SiO₂ түрінде кездеседі: $43,05 - 3,43 - 3,79 = 35,83$ кг.

Фаялитпен байланысты кремнезем мөлшері: $35,83 \cdot \frac{60}{111,6} = 19,26$ кг, оттегі мөлшері: $35,83 \cdot \frac{32}{111,6} = 10,27$ кг. Фаялит 2FeO·SiO₂ мөлшері: $35,83 + 19,26 + 10,27 = 65,36$ кг.

Шлақтың құрамында қорғасын мен мырыш силикаттар түрінде кездеседі. 2PbO·SiO₂ мөлшері: $2,98 \cdot \frac{506,4}{414,4} = 3,64$ кг, оның ішінде SiO₂:

$$3,64 \cdot \frac{60}{506,4} = 0,43 \text{ кг, } O_2 \text{ мөлшері: } 3,64 \cdot \frac{32}{506,4} = 0,23 \text{ кг. } 2ZnO \cdot SiO_2 \text{ мөлшері:}$$

$$1,8 \cdot \frac{222,8}{130,8} = 3,07 \text{ кг, байланысты } SiO_2 \text{ мөлшері: } 3,07 \cdot \frac{60}{222,8} = 0,83 \text{ кг, } O_2 \text{ мөлшері:}$$

$$3,07 \cdot \frac{32}{222,8} = 0,44 \text{ кг.}$$

$$\text{Бос } SiO_2: 25,81 - 19,26 - 0,43 - 0,83 = 5,29 \text{ кг.}$$

Есептелген конвертерлі шлақтың рационалдық құрамын 2.4 – кестеге енгіземіз.

Кесте 2.4 – Конвертерлі шлақтың рационалдық құрамы, кг

Қосылыс	Cu	Pb	Zn	Fe	S	O ₂	SiO ₂	Al ₂ O ₃	CaO	MgO	Басқа	Барлығы
Cu ₂ S	3,64				0,86							4,5
2PbO·SiO ₂		2,98				0,23	0,43					3,64
2ZnO·SiO ₂			1,8			0,44	0,83					3,07
FeS				3,43	1,97							5,4
Fe ₃ O ₄				3,79		1,45						5,24
2FeO·SiO ₂				35,83		10,27	19,26					65,36
SiO ₂							5,29					5,29
Al ₂ O ₃								4,36				4,36
CaO									1,37			1,37
MgO										0,63		0,63
Басқалар											1,14	1,14
Барлығы	3,64	2,98	1,8	43,05	2,83	12,39	25,81	4,36	1,37	0,63	1,14	100

2.1.5 Технологиялық үрдістің бірінші мерзімін есептеу

Тәжірибе мәліметтері бойынша қаралы мыстың құрамында 0,01 % Fe және 0,1 % Pb болады. Штейн және суық материалдармен түсетін мыс мөлшері: 48,12 + 36,0 = 84,12 кг. Ақ матқа бөлінетін темір мен қорғасын мөлшерін есептеу үшін қаралы металдың шығыны мыс мөлшерінің 97 % құрайды: 84,12 · 0,97 = 81,6 кг. Темір мөлшері: 81,6 · 0,0001 = 0,008 кг, масса свинца: 81,6 · 0,001 = 0,082 кг.

Конвертерлі шлак және кремний кеннің мөлшерін есептейік. Есептеуді 100 кг ыстық штейнге жүргіземіз. Шартты белгілер енгіземіз:

x – 100 кг ыстық штейнді өндірген кезде түзілетін конвертерлі шлак мөлшері, кг

y – кремний кенінің мөлшері, кг.

Конвертерге түсетін темір мөлшері, кг:

100 кг штейнмен – 19,29

20 кг суық материалдармен – 5,9

у кг флюспен $- 0,0558y$

Ақ маттың құрамына 0,008 кг темір өтеді.

Барлығы $25,182 + 0,0558y$.

х кг шлактың құрамындағы темір мөлшері $- 0,4305x$, бұдан:

$25,182 + 0,0558y = 0,4305x$.

Конвертерге түсетін кремнезем мөлшері, кг:

100 кг штейнмен $- 1,21$

20 кг суық материалдармен $- 1,76$

у кг флюспен $- 0,7168y$

Барлығы $2,95 + 0,7168y$.

х кг шлактың құрамындағы SiO_2 мөлшері $- 0,2581x$. Конвертерлі шлаққа SiO_2 толығымен бөлінгенде:

$2,97 + 0,7168y = 0,2581x$.

Теңдеулер жүйесін шешеміз:

$$\begin{cases} 25,182 + 0,0558y = 0,4305x \\ 2,97 + 0,7168y = 0,2581x \end{cases}$$

Бұдан алынады:

$$\begin{cases} x = 58,495 + 0,1296y \\ 0,6834y = 12,1276 \end{cases}$$

$y = 17,75$ кг флюс кені

$x = 60,8$ кг конвертерлі шлақ.

Штейн және суық материалдармен бірге конвертерге: $28,86 + 3,4 = 32,26$ кг FeS түседі.

Кенмен түседі: $\text{CuFeS}_2 - 0,19$ кг и $\text{FeS}_2 - 0,22$ кг.

Диссоциация реакциялары бойынша:



Түзіледі: $\text{Cu}_2\text{S} - 0,19 \cdot \frac{159,1}{367} = 0,08$ кг;

$\text{FeS} - 0,19 \cdot \frac{175,8}{367} = 0,09$ кг;

$\text{S}_{\text{эл}} - 0,19 \cdot \frac{32}{367} = 0,02$ кг.

Флюсты кен сульфидтерінің диссоциациясы кезінде үрдісте $32,35$ кг FeS қолданылады.

Бұдан $28,86$ кг FeS, $4,63$ кг PbS, $2,35$ кг ZnS, оның ішінде $19,29$ кг Fe, $4,01$ кг Pb, $1,58$ кг Zn және $12,2$ кг S тотығуы қажет.

Конвертерлі шлақта $3,91$ кг Fe_3O_4 , ыстық штейнмен $\text{Fe}_3\text{O}_4 - 1,33$ кг енгізіледі.

Fe_3O_4 дейін тотығатын темір мөлшері: $2,58 \cdot \frac{167,4}{231,4} = 1,87$ кг, қажет O_2 мөлшері:

$2,58 - 1,87 = 0,71$ кг.

Яғни FeO дейін шлакта тотығады: $19,29 - 1,87 = 17,42$ кг, қажет O_2 мөлшері: $17,42 \cdot \frac{16}{55,8} = 5,0$ кг.

Қорғасын және мырыш сульфидтарының тотығуына қажет O_2 мөлшері:
PbO дейін: $4,01 \cdot \frac{16}{207,2} = 0,3$ кг,

ZnO дейін: $1,58 \cdot \frac{16}{65,4} = 0,39$ кг.

Сульфидтердің тотығуына қажет жалпы O_2 мөлшері: $0,71 + 5,0 + 0,3 + 0,39 = 6,4$ кг.

Бірінші мерзімде 12,2 кг сульфидті S және 0,02 кг элементарлы S, барлығы – 12,22 кг күкірт тотығады.

Конвертерлі газдардың құрамы бойынша тәжірибелік мәліметтер негізінде SO_2 дейін тотығатын күкірт мөлшерінің SO_3 дейін тотығатын мөлшеріне қатынасын 6 : 1 деп аламыз.

SO_2 дейін тотығатын күкірт мөлшері: $\frac{12,22 \cdot 6}{7} = 10,47$ кг, қажет O_2 – 10,47,

түзілетін SO_2 мөлшері: $10,47 \cdot \frac{64}{32} = 20,95$ кг.

SO_3 дейін тотығады: $\frac{12,22 \cdot 1}{7} = 1,75$ кг, қажет $1,75 \cdot \frac{48}{32} = 2,63$ кг O_2 , $1,73 + 2,63 = 4,38$ кг SO_3 түзіледі.

Күкірттің тотығуына қажет оттектің жалпы теориялық шығыны: $10,47 + 2,6 = 13,07$ кг. Жалпы қажет оттегі – $13,07 + 6,4 = 19,47$ кг.

Тәжірибе мәліметтер негізінде конвертер ваннасының оттекті қолдануы 95 % тең, бұдан қажет оттектің мөлшерін табамыз – $19,47 : 0,95 = 20,49$ кг. Оттектің артық мөлшері – $20,49 - 19,74 = 1,03$ кг.

Байытылған ауаның құрамындағы оттектің мөлшері 28 % (масс.) болғанда, бірінші мерзімге қажет үрлеудің мөлшері: $20,49 : 0,28 = 73,12$ кг немесе $73,12 : 1,29 = 56,73$ нм³. Үрлеумен берілетін азот мөлшері: $73,12 - 20,49 = 52,63$ кг.

Бірінші мерзімде конвертерге 17,75 кг флюс кені жүктеледі, одан бөлінетін газдар: $H_2O - 17,75 \cdot 0,0437 = 0,78$ кг,

$CO_2 - 17,75 \cdot 0,0277 = 0,49$ кг.

Бөлінетін газдар мөлшерін 2.5 – кестеге енгіземіз.

Кесте 2.5 – Бірінші мерзімде бөлінетін газдар құрамы

Газ	Мөлшері, кг	Көлемі, нм ³	% (об.)
1	2	3	4
SO ₂	20,95	7,33	13,93
SO ₃	4,38	1,23	2,34
O ₂	1,03	0,72	1,37

N ₂	52,63	42,1	80,02
H ₂ O	0,78	0,98	1,86
CO ₂	0,49	0,25	0,48
Барлығы	80,26	52,61	100

Тәжірибелер мәліметтері бойынша қорғасынның бөлінуі: шлакқа – 45%, қалғаны шаң мен ақ матқа, және мырыштың бөлінуі: шлакқа – 75 %, шаңға – 25 %.

Штейн және суық материалдармен түсетін қорғасын мөлшері: $4,01 + 20 \cdot 0,0015 = 4,04$ кг. Шлакқа – $0,45 \cdot 4,04 = 1,82$ кг, ақ матқа – 0,05 кг, шаңға: $4,04 - 1,82 - 0,05 = 2,17$ кг өтеді.

Бөлінетін мырыш: $1,58 + 20 \cdot 0,0009 = 1,6$ кг. Шлакқа – $0,75 \cdot 1,6 = 1,2$ кг, шаңға – 0,4 кг өтеді.

Ақ маттың құрамында Cu₂S, металдық мыс пен қоспалар бар. Конвертерге түсетін Cu₂S мөлшері, кг:

100 кг штейнмен	– 60,24
20 кг суық материалдармен	– 6,16
17,75 кг флюспен	– 0,08
Барлығы	– 66,48.

Конвертерлі шлакпен бөлінеді: $60,8 \cdot 0,045 = 2,74$ кг Cu₂S.

Ақ матта $65,48 - 2,74 = 63,74$ кг қалады.

Конвертерге суық материалдармен бірге түсетін металдық мыс толығымен ақ маттың құрамына өтеді деп қабылдаймыз: $20 \cdot 0,114 = 2,28$ кг.

Жалпы ақ маттың құрамындағы Cu₂S және Cu мөлшері – $63,74 + 2,28 = 66,02$ кг (53,17 кг Cu).

Басқалардың мөлшері 1 % деп аламыз. Ақ маттың шығысы – 66,68кг.


Есептеулер негізінде бірінші мерзімнің материалдық балансын құраймыз (2.6–кесте).

Кесте 2.6 – Бірінші мерзімнің материалдық балансы, кг

	Материалдар	Барлығы	Cu		Fe		Pb		Zn		S		O ₂		SiO ₂		Al ₂ O ₃		CaO		MgO		CO ₂		H ₂ O		N ₂		Ag		Au		Re		баскала			
			Кг	%	кг	%	кг	%	Кг	%	кг	%	кг	%	кг	%	Кг	%	кг	%	кг	%	кг	%	кг	%	кг	%	кг	%	кг	%	кг	%	кг	%		
Кіріс	Штейн	100,0	48,12	48,12	19,20	19,20	4,00	4,00	1,50	1,50	24,00	24,00	0,30	0,30	1,20	1,20	0,30	0,30	0,30	0,30	0,10	0,10	-	-	-	-	-	-	0,05	0,05	0,000	0,000	0,00	0,00	0,002	0,002	0,50	0,50
	Суық	20,0	7,20	36,00	5,90	29,00	-	-	-	-	2,40	12,00	1,10	5,50	1,70	8,80	1,20	6,00	0,20	1,00	-	-	-	-	-	-	-	-	0,00	0,00	-	-	-	-	0,20	0,60		
	Флюстар	17,75	0,00	0,30	0,90	5,50	0,00	0,10	0,00	0,00	0,10	0,90	0,30	2,00	12,00	71,00	1,00	6,00	0,30	1,70	0,20	1,20	0,40	2,70	0,70	4,30	-	-	0,00	0,00	-	-	-	-	0,50	3,00		
	Үрлеу	73,12	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	20,00	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	52,00	-	-	-	-	-	-	-	-	-		
	Барлығы	210,87	55,28	-	26,18	-	4,00	-	1,60	-	26,00	-	22,00	-	15,60	-	2,60	-	0,80	-	0,30	-	0,40	-	0,70	-	52,00	-	0,07	-	0,000	-	0,00	-	1,20	-		
Шығыс	Ақ матт	66,68	53,17	-	0,00	-	0,00	-	-	12,00	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	0,07	-	0,000	-	-	-	0,60	-			
	Конв. шлак	60,8	2,20	3,60	26,17	43,00	1,80	2,90	1,20	1,80	1,70	2,80	7,60	12,00	15,00	25,00	2,60	4,30	0,80	1,30	0,30	0,60	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	0,60	1,40			
	Шаң	3,13	-	-	-	-	2,10	-	0,40	-	-	-	0,50	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	0,00	-	0,00	-	-		
	Газдар:	80,26	-	-	-	-	-	-	-	-	12,00	14,00	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	0,40	0,70	52,00	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-		
	SO ₂	20,95	-	-	-	-	-	-	-	-	10,00	10,00	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-		
	SO ₂	4,38	-	-	-	-	-	-	-	-	1,70	2,60	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-			
